




ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫ КЛИМАТЫНЫҢ 2026 ЖЫЛҒЫ МАУСЫМ АЙЫНЫҢ АЙЛЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ

*Қазақстан аумағындағы орташа айлық ауа температурасы және
атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аномалиялары*

Бюллетень мемлекеттік органдарды, салалық ұйымдарды, ғылыми қауымдастықты және басқа да мүдделі пайдаланушыларды Қазақстан аумағындағы қазіргі климаттық жағдайлар туралы жедел ақпараттандыруға арналған.

ӨЗЕКТІ АҚПАРАТ

- 2026 жылдың маусымындағы ауаның орташа айлық температурасы **климаттық нормадан 2,19 °C-қа жоғары болды**
- Жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан жоғары болып, **нормадан 2,96 мм құрады**



1-сурет – 1941–2026 жж. кезеңінде Қазақстан аумағы бойынша маусым айының орташа ауа температурасы (а) (°C) пен атмосфералық жауын-шашын (б) (мм) аномалияларының уақыттық қатарлары. Аномалиялар 1991–2020 жж. базалық кезеңіне қатысты есептелді

АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫ

Маусым айындағы ауа температурасы аномалияларының көпжылдық уақыттық қатарының талдауы қарастырылып отырған кезеңде теріс және оң температуралық аномалиялары бар жылдардың кезектесіп отырғанын көрсетті. Сонымен қатар соңғы бес жылда ауа температурасының оң аномалияларының артуының тұрақты үрдісі байқалады (1а-сурет).


2026 жылғы маусым айында орташа ауа температурасының аномалиясы климаттық нормамен салыстырғанда $+2,19^{\circ}\text{C}$ -ты құрады. Сонымен бірге ауа температурасы аномалияларының шамасы Қазақстан аумағы бойынша едәуір аумақтық айырмашылықтармен сипатталды (2-сурет).

Ауа температурасының теріс аномалиялары негізінен республиканың батыс бөлігінде байқалды. Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарының аумағында климаттық нормадан ауытқулар $-2,1$ – $-2,2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жетті. Ең үлкен теріс аномалия

($-2,4^{\circ}\text{C}$) Ақтөбе облысындағы Уил метеорологиялық станциясында тіркелді.

Климаттық нормаға жақын ауа температурасы Қостанай облысының басым бөлігінде, сондай-ақ Ақтөбе, Қызылорда және Түркістан облыстарының жекелеген өңірлерінде байқалды. Ауа температурасының экстремалды жоғары аномалиялары (үлестірімнің жоғарғы 5 %-ы) Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Алматы облыстарының, сондай-ақ Жетісу және Абай облыстарының басым бөлігінде, Түркістан, Жамбыл облыстарының және Ұлытау облысының жекелеген аудандарында тіркелді. Ең жоғары оң аномалия ($5,8^{\circ}\text{C}$) Павлодар облысындағы Шарбақты метеорологиялық станциясында байқалды.

73 метеорологиялық станцияда орташа айлық ауа температурасының рекордтық жоғары мәндері тіркелді. Осы метеостанциялардың көпшілігінде алдыңғы рекордтық көрсеткіштер 1977 және 2025 жылдары байқалған болатын (1-кесте).



2 – сурет. 1991–2020 жылдардағы кезеңге қатысты есептелген 2026 жылғы маусымның орташа айлық ауа температурасы ($^{\circ}\text{C}$) аномалияларының кеңістіктік таралуы және 1941–2026 жылдардағы кезеңге сәйкес есептелген ауа температурасының аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы

1 кесте. 2026 жылғы маусым айындағы ауа температурасының орташа айлық рекордтық мәндері.

№	Метеостанция	Облыс	Ауа температурасының жаңа ең жоғары мәні, °С	Ауа температурасының бұрынғы орташа айлық рекорды, °С
1	Ақсеңгір	Алматы	25,3	25,2 (2025 ж.)
2	Аул №4		27,7	26,9 (2025 ж.)
3	Бақанас		27,9	27,3 (2025 ж.)
4	Кеген		16,7	16,5 (2025 ж.)
5	Күйган		27,1	26,9 (2025 ж.)
6	Қырғызсай		22,8	22,6 (2008 ж.)
7	Жалаңашкөл	Жетісу	28,2	27,8 (2025 ж.)
8	Жаркент		25,7	25,5 (1990 ж.)
9	Қапшағай		26,6	26,4 (2025 ж.)
10	Матай		27,2	27,1 (2025 ж.)
11	Сарқанд		24,8	24,5 (2025 ж.)
12	Үшарал		26,8	26,2 (2025 ж.)
13	Алакөл		26,3	25,4 (2025 ж.)
14	Шемонайха	Шығыс Қазақстан	23,4	22,0 (2012 ж.)
15	Ақжар		25,1	23,1 (2025 ж.)
16	Катон-Қарағай		19,6	18,1 (2025 ж.)
17	Усть-Каменогорск		23,8	22,4 (2025 ж.)
18	Зайсан		26,8	24,8 (2025 ж.)
19	Марқакөл қорығы		16,5	15,5 (2025 ж.)
20	Күршім		24,4	23,2 (1977 ж.)
21	Лениногорск		19,9	18,7 (1977 ж.)
22	Самарка		25,3	23,3 (1955 ж.)
23	Теректы		24,9	23,0 (2025 ж.)
24	Үлкен Нарын		23,4	22,4 (1955 ж.)
25	Тұғыл		25,4	23,9 (1977 ж.)
26	Ақсуат	Абай	25,7	23,6 (2025 ж.)
27	Аягөз		23,6	22,3 (2025 ж.)
28	Ақтоғай		27,0	26,3 (2025 ж.)
29	Бақты		25,7	24,9 (2025 ж.)
30	Баршатас		24,9	23,3 (2025 ж.)
31	Дмитриевка		23,8	22,4 (2025 ж.)
32	Жалғызтөбе		24,6	23,5 (2025 ж.)
33	Қайнар		23,0	20,6 (2025 ж.)
34	Қарауыл		24,5	22,9 (2025 ж.)
35	Семипалатинск		24,5	23,1 (1955 ж.)
36	Семиарка		26,3	24,0 (2025 ж.)
37	Көкпекті		24,3	22,4 (2025 ж.)
38	Ұржар		24,8	24,0 (1977 ж.)
39	Шалабай		23,9	23,1 (2025 ж.)
40	Шар		24,2	23,2 (2025 ж.)
41	Сарышаған	Қарағанды	26,9	25,9 (2025 ж.)
42	Ақсу-Аюлы		23,1	21,8 (1977 ж.)
43	Ақтоғай		22,9	22,0 (1977 ж.)
44	Балкаш		26,7	25,5 (2025 ж.)
45	Бестауата		25,9	24,7 (1977 ж.)
46	Бес-Оба		22,6	21,1 (1977 ж.)
47	Жарық		23,2	22,6 (1977 ж.)
48	Қарағанды		23,8	22,9 (1977 ж.)
49	Кертинды		24,0	23,1 (1977 ж.)

№	Метеостанция	Облыс	Ауа температурасының жаңа ең жоғары мәні, °С	Ауа температурасының бұрынғы орташа айлық рекорды, °С
50	Корнеевка	Қарағанды	22,7	21,1 (1977 ж.)
51	Қызылтау		23,3	21,7 (2025 ж.)
52	Голубовка		24,4	22,7 (1991 ж.)
53	Ақтоғай	Павлодар	24,9	22,5 (1991 ж.)
54	Баянаул		24,1	22,0 (1955 ж.)
55	Екібастұз		25,9	23,3 (1977 ж.)
56	Ертіс		24,4	22,4 (1991 ж.)
57	Көктөбе		25,2	23,1 (2006 ж.)
58	Красноармейка		25,9	23,7 (2006 ж.)
59	Лозовая		24,4	22,4 (2006 ж.)
60	Михайловка		24,4	22,2 (1982 ж.)
61	Павлодар		25,1	22,8 (1977 ж.)
62	Жолболды		25,1	22,9 (1991 ж.)
63	Успенка		25,3	22,9 (2006 ж.)
64	Федоровская		24,3	22,2 (1982 ж.)
65	Шалдай		25,3	23,1 (2006 ж.)
66	Шарбақты		25,6	23,0 (2006 ж.)
67	Аршалы	Ақмола	23,0	22,2 (1977 ж.)
68	Астана		24,4	23,1 (1991 ж.)
69	Ерейментау		23,0	21,9 (1977 ж.)
70	Жаңа-Арқа	Ұлытау	24,6	23,0 (1977 ж.)
71	Қызылжар		25,2	24,9 (1977 ж.)
72	Төле би	Жамбыл	26,5	26,3 (2025 ж.)
73	Чиганак		27,5	27,4 (2025 ж.)

АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАУЫШ-ШАШЫН

2026 жылғы маусым айында жауған жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан 2,96 мм-ге жоғары болды. Жауын-шашын аномалияларының көпжылдық уақыттық қатарын талдау құрғақ және ылғалды кезеңдердің кезектесіп отырғанын көрсетті (16-сурет).

Жауын-шашынның аумақтық таралуы айқын әркелкілігімен сипатталды (3-сурет). Жауын-шашынның шамадан тыс түсуі негізінен елдің батыс бөлігінде байқалып, климаттық норманың 300–450 %-ын құрады, ал кейбір аумақтарда 480 %-ға дейін жетті. Ең көп жауын-шашын Маңғыстау облысындағы Бейнеу метеорологиялық станциясында тіркеліп, климаттық норманың 562 %-ын құрады. Жауын-шашынның едәуір артық мөлшері Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Түркістан және Жамбыл облыстарының жекелеген аудандарында да байқалды. Бұл өңірлерде жауын-шашын мөлшері климаттық

норманың 200–250 % асып, кей жерлерде 301 %-ға дейін жетті. Алайда бұл аномалиялар ошақтық сипатта болды.

Климаттық нормаға жақын жауын-шашын мөлшері (80–120 %) елдің орталық бөлігінде, оның ішінде Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстары мен Ұлытау облысының жекелеген аудандарында, сондай-ақ елдің оңтүстік бөлігінің жекелеген аумақтарында байқалды. Сонымен қатар аталған өңірлер шегінде ылғалдану деңгейі жоғары және төмен болатын жергілікті учаскелер де тіркелді.


Бес метеорологиялық станцияда айлық жауын-шашын мөлшерінің жаңа рекордтық ең жоғары мәндері тіркелді (2-кесте).

Атмосфералық жауын-шашын тапшылығы Павлодар, Шығыс Қазақстан, Алматы, Қарағанды облыстарының басым бөлігінде, сондай-ақ Абай және Жетісу облыстарында, Ұлытау облысының шығыс бөлігінде және Қостанай, Қызылорда, Түркістан мен Жамбыл облыстарының жекелеген аудандарында байқалды. Бұл

өңірлерде жауын-шашын мөлшері негізінен климаттық норманың 20–80 %-ын құрады, ал елдің солтүстік-шығысындағы жекелеген аумақтарда 10–20 %-ға дейін төмендеді.

«Экстремалды құрғақ» санатына сәйкес келетін жауын-шашын мөлшері

(аспау ықтималдығы 0–5 %) республиканың солтүстік-шығыс және шығыс аудандарында, сондай-ақ орталық және оңтүстік Қазақстанның жекелеген аумақтарында орналасқан он сегіз метеорологиялық станцияда тіркелді.



3-сурет. 2026 жылғы маусымдағы атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің (1991–2020 жж. кезеңге есептелген норма % бойынша) және атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы (1941–2026 жж. кезеңі)

2 кесте. 2026 жылғы маусым айындағы айлық атмосфералық жауын-шашынның максималды рекордтық мәндері.

№	Метеостанция	Облыс	Айлық атмосфералық жауын-шашынның жаңа рекорды, мм	Айлық атмосфералық жауын-шашынның бұрынғы рекорды, мм
1	Тимирязево	Солтүстік Қазақстан	125,6	123,8 (1979 ж.)
2	Ақтөбе	Ақтөбе	127,9	102,7 (1945 ж.)
3	Новоалексеевка		88,5	86,4 (2003 ж.)
4	Ильинский		131,0	117,7 (2003 ж.)
5	Родниковка		121,0	95,5 (1982 ж.)

«Қазгидромет» РМК Ғылыми-зерттеу орталығының Климатты зерттеу бөлімімен дайындалды (Астана қ.)

Орындаушылар:

С. Сағиев – ФЗО КЗБ жетекші ғылыми қызметкері
Е. Аманұлла – ФЗО КЗБ жетекші ғылыми қызметкері